	білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау. Көркем сөздер «Қарлығаш» Ауламызда бау бүрлеп, Шешек атып жайнайды. Ақ тамағы бүлкілдеп, Қарлығаштар сайрайды. Жұмбақтар Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (қарлығаш) Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) Неге олай аталады? Сарышымшық-қар түскенде сарышымшық ұшып келеді. Көгершін- «көк» сөзінен шыққан. Ырымдар: Сарышымшық үйге ұшып келсе-жақын арада қыстың түсетіні. Бозторғай қыста ән салса-онда қар еріп, жер батпақ болады. Егер торғай шөпке тығылса- аяз немесе боран. <i>Еңбек әркеті</i> Құстарды	Сала ма еске мақтаны. Бірінен –бірі озбайды. Қар жауып тұрды түнімен, Ағаштар үнсіз майысып, Күн шыға барып тоқтады. Сынып бір кете жаздайды. «Қар», Т.Шопашов Жауды,міне,қар аппақ, Қазақ жері-сәніміз, Қазақ жері-бағымыз. Мәуесі мол бағымыз. Қойнауынан мөп-мөлдір, Саясында жетілер, Сусындайды жанымыз. Балдай бала шағымыз. Қозғалыс ойындары «Нысана» Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.Қызығушылықтары н арттыру. <i>Еңбек қызметі.</i> Ұяны тазалау Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойындар.</i> <i>Эксперименттер және тәжірибелер</i> «Іздің құпиясын кім тез табады?» Қашықтықты бағыттап білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. «Не себепті құстардың ізі, үзілетіндігін түсіндіру» (құстар ұшады,қанатын және	сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Еңбекке баулу: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Қажетті материалдар: қалақша, сыпырғыш, шана, ойыншықтар. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	<i>бағалай білген адам өмірде құрметке бөленеді.</i> Мақал-мәтелдер Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. Ердің атын еңбек шығарады. Ер дәулеті-еңбек. Тақпақ «Болайықшы осындай...», А.Меңжанов. <i>Жақсы бала еңбекшіл, Ер азамат болады. Қиындықты жеңіп кіл, Құшағы гүл толады. Еңбекшіл осындай, Болайықшы, досым-ай. Қозғалыс ойындары</i> «Кім күшті» (қазақтың ұлттық ойыны) Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасыңның өзіңе қарай тартылуы; дұрыс отыруын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу. <i>Еңбек қызметі</i> Аула сыпырушыға көмек Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). <i>Дидактикалық ойын.</i> <i>Эксперименттер және тәжірибелер.</i> «Ұқсас-ұқсас емес» Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету (құралдары, түрі, белгісі). <i>Өз бетінше іс-әрекет</i> Біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап беруге	Мақал-мәтелдер Еңбекке үйренем десең, ерінбе, Өнерге үйренем десең, жерінбе. Ертегі «Аяз атаны күткен бала».С.Оспанов. <i>Қозғалыс ойындары</i> «Біз көңілді балалармыз» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіріп шығу, бір-бірін итермеу, ойынның шартын сақтау(ескертуден аулақ болу).Балаларды ойын талабына сай шапшаңдыққа, икемділікке баулу. <i>Еңбек қызметі</i> Кіші топтағы балаларға алаңдағы қарды тазалауға көмектесу. Балаларды балабақша ауласында қар тазартып, қарды сырып,жүретін жол қалдырып, тазалық сақтауға үйрету. <i>Дидактикалық ойындар.</i> <i>Эксперименттер және тәжірибелер</i> «Болады-болмайды» Танымдылық, ойлау қабілеттерін дамыту. Тәжірибе. Аулаға шыққанда екі ыдысқа су құйып алып шығу.Бір банканы қардың үстіне қойып, екінші банканы қардың астына көміп тастау.Қай банкадағы су бірінші қатады? <i>Қорытынды:</i> ауадағы су бірінші қатады.
--	---	---	---	--	--

	тамақтандыру Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу.Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. <i>Дидактикалық ойындар. Эксперименттер және тәжірибелер.</i> Өз бетінше жұмыс: Балаларға өз рөлдерін және қарсыластарының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуді үйрету; ойын барысында балаларға 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ережелерін білу. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	құйрығын ашқандықтан-қарда басқа із қалдырады). <i>Өз бетінше іс-әрекет:</i> Ойын барысында балалар өзара қарым-қатынас жасау арқылы норманы және ережені меңгеру (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)		тәрбиелеу,ойын әрекетін ұйымдастыруға талпыну. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	<i>Өз бетінше іс-әрекет</i> Балаларды ойын барысында ойыншықтарын айырбастауға, тақырыпқа сай түрлі материалдар арқылы ойын құрастыру; балалардың өздері дайындаған ойыншықтарды қолдану. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)
Серуеннен оралу	«Қалай шешіну керек?» шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешуге үйретуді жалғастыру.	Жуыну кезіндегі мақалдар: 1. Сусыз тіршілік жоқ. 2. Жер - қазына, Су – алтын. 3. Бұлақ көрсең көзін аш. 4. Сулы жер – нұрлы жер. 5. Тамшыдан теңіз құралады. <i>(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</i>	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. соңында. <i>(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</i>	Жуыну кезіндегі жұмбақтар: Ол суретің ұқсайды, Дәл қазіргі өзіңе. (айна) Одан кір қорқады Судан бұл қорқады. (сабын) Дәміде жоқ, түсінде жоқ Пайдаланбас кісі жоқ. (су) <i>(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</i>	«Біз ұқыпты баламыз» Киімдерін дұрыс бүктеулерін қадағалау.

Балалармен жеке жұмыс	Коммуникативтік дағдылары Сөйлеуді дамыту «Жаңа жыл қандай мереке?» Мақсаты: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру Арлан, Әбілқайыр, Аяжан, Ғ.Адия	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. «Көршісін тап» Мақсаты: сандарды тура санауға, көршілерін ажырата білуге жаттықтыру. А.Адия, Әлішер, Медина, Аяла	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы «Жаңа жылдық шырша» Мақсаты: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Димаш, Інжу, Жасмин	Коммуникативтік дағдылары дамыту «Қолғап» ертегісін мазмұндауға үйрету. Мақсаты: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Маймуна, Айзере, Алихан, С.Амир	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру «Қайда мекендейді?» Мақсаты: Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Аян, Дина, Томирис, Іңкәр, Рамина
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын «Ақ қоян» <i>сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сурет салу)</i> Мақсаты: Қоянды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Қоян туралы тақпақ жаттауға жаттықтыру,	Кітаптар қарау. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқу <i>(көркем әдебиет, жапсыру)</i> Мақсаты: Бөліктерден бейнелерді құрастырырып жапсыру, Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру.	Ойын «Баласын тап» <i>(қарым – қатынас іс әрекеті, танымдық іс – әрекет, шығармашылық іс әрекет, қазақ тілі)</i> Мақсаты: Жануарлардың баласын атауға, олардың тіршілігі жайында білімдерін толықтыру. Қонжықты қайшымен қиып,	Кітаптар қарау. «Қасқыр мен тиін» ертегісін оқу <i>(көркем әдебиет, қарым-қатынас әрекеті, сурет салу, жапсыру)</i> Мақсаты: Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың	Ойын «Көлеңкесін тап» <i>(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)</i> Мақсаты: Жануарлар жайлы білімдерін бекіту. Жануарлардың тіршілігі жайлы әңгімелеуге, өз ойларын толық жеткізуге жаттықтыру. Бақылаған жануарлардың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл

	қоянның суретін салуға үйрету. «Аңдар биі» музыкалық ойын жаттығу <i>(Музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)</i> Мақсаты: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. қимылдарды жасаған кезде, өлең сөздеріне бірге айтуға жаттықтыру. Жануарлардың аттарын дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Ойын: «Бас, иық, тізе, аяқ» <i>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, музыка)</i> Мақсаты: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындауға қалыптастыру. Дене мүшелерін ажырата білуге жаттықтыру, сөздік қорларын дамыту. Кітап қарау.	Ойын «Біркелкі пішіндерді сана» <i>(құрастыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)</i> Мақсаты: Балалар пішіндерді атайды, бірдей пішіндерді санауға жаттықтыру. Өз беттерінше пішіндерді қолдана отыра құрастыру, не құрастырғандары, қандай пішіндерді қолданғандарын еркін баяндауға жаттықтыру. Музыкалық ойын «Тез отыра қалайық» <i>(Музыка, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</i> Мақсаты: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындауға үйрету. Балаларды тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру жаттығуларын дұрыс орындауға жаттықтыру. Балалардың сөздік қорларын байыту.	жапсыруға үйрету. «Жаңа жыл» жаңа жыл мерекесіне арналған әнін жаттау. <i>(Музыка, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</i> Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту. Жаңа жыл туралы жұмбақтар шешу. -Қарға мүлгіп дала тұр, келе жатыр..... <i>Жаңа жыл!</i> Қызыл мұрын, ақ мұртты, білсең атын тез ата, келді бізге..... <i>Аяз ата!</i> -Шырша бүгін кәделі, сендер бүгін..... <i>Әдемі!</i> -Құтты болсын!..... <i>Жаңа жыл!</i> -Ертегідей орманнан Көктей өтіп келеді Сұңқар бойлы бір сұлу	бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. «Пішіндер әні» <i>(музыка, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i> Мақсаты: Балаларды ана тілінде сөйлеуге баулу. Сөздік қорларын дамыту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін кеңейту. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттау. Келді тағы жаңа жыл Қуантумен біздерді! Құтты болсын қуаныш, Құттықтаймыз сіздерді! <i>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</i> Көркем еңбек «Кітаптар емханасы» Жыртылған кітаптарды желімдеу, дұрыстау. Кітаптарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу. Жаңа жыл туралы жұмбақтар шешу. 1. Тікен-тікен, тік піспе,	шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғат бұрышындағы еңбек «Гүлдерді суарамыз» <i>(еңбек іс әрекеті, шығармашылық іс әрекет)</i> Мақсаты: Балаларды еңбектенуге баулу. Өсімдіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Ойын «Біреуі артық» Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Жабайы жануарлар жайлы білімдерін кеңейту. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Ойын «Аңдарды қоректендір» Мақсаты: 8 саны, және
--	--	---	---	--	---

	«Үш аю » ертегісін оқу. (көркем әдебиет, қазақ тілі, мүсіндеу) Мақсаты: Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып мазмұндауға үйрету. Бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету	Жаңа жыл туралы тақпақ жаттау Жаңа жыл жаңа бақыт қуаныш Көңілде болсын әр кез жұбаныш Көтерейік қолды бірге достар Жаңа жыл жаңа бақытқа бастар (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Табыңдаршы аты кім? <i>Ақшақар</i> -Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы, Қыста қардан туатын Тауып көрші, сен оны <i>Аққала (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i>	Қысы-жазы бір түсте. \ Шырша\ 2.Қолы жоқ, сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. \ АЯЗ\ 3.Қыста ғана болады, Ұстаса қолы тонады. \ ҚАР\ 4.Ақ таяғы қасында Ойын күлкі жанында Күтеді оны шартарап Сый дорбасын арқалап Жаңа жыл сайын келетін Ол кім? \Аяз ата\ цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын «Жүргізуші, гараж» (құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсаты: Ойын ойнау барысында рөлдерді бөлуге, берілген рөлді ойнап шығуға жаттықтыру. Өзара бір бірімен жақсы қарым қатынас орната білуге тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін сақтауға, жүргізушілер мамандығының еңбегін құрметтеуге дағдыландыру. сөздік қорларын байыту.	
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды республикалық сайыстарға қатыстыру жайлы сөйлесу.	Әлішер мен С.Амিরдің тәртіптері жайлы ата-аналарымен жеке әңгімелер жүргізу.	Желтоқсан айының тамақ ақысын төлеу жайлы сөйлесу.	Үйде балалармен бірге кітаптарды көбірек қарау, оқу жөнінде ұсыныс білдіру.	Топтағы кітапхана бұрышына балалардың жас ерекшелігіне байланысты қолдан кітаптар жасап әкелу жөнінде әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы- Арқалық қаласы жалпы білім беретін негізгі № 8 мектеп

Топ: ересек « Күншуақ»

Балалардың жасы- 4 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)



Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 03.01.24	Бейсенбі 04.01.24	Жұма 05.01.24
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары Нейрожаттығу ойындары Үстел үстінде ойындар ұсыну «Квест» ойыны Нейротректер /Нейродорожки/ (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата – аналармен үй жағдайында баланың тілін дамыту үшін бірнеше кеңестер ұсыну				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)			Дамытушылық үстел үсті ойындары : «Воскобович пішіндері», «Сложи узор», «Кьюнзер таяқшалары» (Математика негіздері)	Дид/ойын: «Не жоқ?» Міндеті: балаларды ептілікке, шыдамдылыққа баулу. (Қоршаған ортамен танысу)	Балаларға бояу дәптерлерін ұсыну. Түстерді дұрыс таңдап, ұқыпты бояуын қадағалау. (Сурет салу)
			Балалардан жыл мезгілін, ай атын, апта күнін сұрау. «Бауырсақ ертегісі» Ойын: «Ертегіні жалғастыр» (көркем әдебиет, сурет салу)	«Аңдарға не үшін көмектесеміз?» Д/о: «Ізін тап» Қоян туралы өлеңді жаттау. Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып секірді (Сөйлеуді дамыту)	Д/о: «Қандай пішін жасырынды?» Міндеті: балалардың геометриялық білімдерін жетілдіру.

				Қарап еді артына Қиығын сап көзінің Келе жатқан томпандап Көжегі екен өзінің. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу)	Ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін арттыру. Геометриялық пішіндерден үй құрастыру. (құрастыру, математика негіздері,
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Ойын: «Өз орныңды тап» Балаларды шапшандыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу Д/О: «Сылдырмақты неше рет соқтым?» Міндеті: : Балалардың есту қабілеттерін дамыту. (Музыка) Д/О: «Көлеңкесін тап» Міндеті: Балалардың қиялын, ойлауын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарды басқа қою, оларды екі жаққа созу және түсіру, орындықтың арқасына, қабырғаға арқасымен сүйене отырып, қолды екі жақтан жоғары көтеруге үйрету. Негізгі қимылдар: Жүру: бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Жүгіру: түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру	Музыка Секіру: 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, Лақтыру, қағып алу, домалату: 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; Ойын: «Түлкі мен қаздар» Міндеті: Кейіпкер роліне еніп, музыкалық дыбыстарды мәнерлеу құралдарын жетілдіру.	Дене шынықтыру Қ/О: «Аяз» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру Еңбектеу, өрмелеу: 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; Тепе-теңдік сақтау :сызықтар арасымен (10

			Қ/О: «Аяз» Міндеті: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру		см арақашықтық), сызықпен, арқанмен тақтаймен, тепе-теңдік сақтауға үйрету. Сапқа тұру,сап құрылымын өзгертіп қайта тұру: оңға, солға бұрылу
Серуенге дайындық	Салуатты өмір салтын қалыптастыру: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. (Дене шынықтыру)				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
			Қара қарғаны бақылау Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы Көркем сөз Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков Міндеті: Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшыры Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Міндеті: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға	Торғайларды бақылау Міндеті: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен

		Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып Балаларға сұрақтар: * Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). * Қарғаның түсі қандай? * Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? * Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. Еңбек Алаңды қардан тазалау. Міндеті: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге <u>деген ықыласын тәрбиелеу</u> Қимылды ойын: «Бәйге». Міндеті: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту	сұрақтар қояды: Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Міндеті: — бірлесе жұмыс істеуге үйрету; — еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Міндеті жүгіруге жаттықтыру; Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. Міндеті : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын	торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.) Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер) Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.) Қыстап қалған
--	--	--	---	---

				дамыту. құстарды неге тамақтандыру керек? (қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.) Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (өздерін ің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады) Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (себебі адамдар жанында азық көп болады) Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. жем шашайын тере ғойғ Сонда суыққа тоңбайсың. Еңбек қызметі Құстар қонақтайтын,
--	--	--	--	---

					жем шашатын жерді қардан тазалау. Міндеті: еңбекке <u>деген</u> <u>ықыластарын арттыру</u>. Қимылды ойын «Нысанаға тигіз». Міндеті: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. Жаттығу ойындары Қимылдар ын дамыту Қарды алыс нысанаға лақтыру Міндеті: :қозғалыс координациясын дамыту
Серуеннен оралу (көркемдік, еркін ойын әрекеті).	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.(Дене шынықтыру) Ойын- жаттығу Қолжуғыштың қасына, Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, Алақанды алақан. Қарады да сосын ол . «Тап – таза » деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, Бірін – бірі жуады.				
			Еркін ойындар бұрышта	"Балабақшадағы мінез-	«Санамақ айту»

			Еңбек жаттығу: Ойын: «Ойыншықтар өз орнында» Міндеті: үйрету тапсырмаларын орындауға міндетті.	құлық ережелері". Міндеті: балаларға балабақшадағы жағымды мінез-құлық ережелерін қалыптастыруға көмектесу. Д/о: « Суреттерді ажырат»	Торғай мен мысық Көзі бірден түсіп, Деп: «Бұл әдемі ас болмай ма?» Қадам басты мысық. Бір ...Екі ...Үш ... - Торғай, -Торғай, ұш! Балалардың еркін ойындары (Қазақ тілі)
Балалармен жеке жұмыс			Дид/ойын: «Ретімен орналастыр!» Міндеті: сандарды ажыратып біледі және санап үйренеді. Бекарыс,Әлихан, Жансая	Ойын: «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?» Міндеті: геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын бекіту; пішіндер атауын білу, үйрену Шағын топпен	Д/о«Қандай жануардың төлі?» Үстел үсті ойындары Жануарлар жайлы жұмбақтар жасыру Әли, Димаш
Балалардың дербес іс-әрекеті	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар қызметі (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
			Дид/ойын: «Жұбын тап» Міндеті: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. (математика негіздері) «Біз бақытты баламыз» әнін жаттау. (Музыка)	«Дид/ ойын «Не жоқ?» Міндеті: балаларды ептілікке, шыдамдылыққа баулу. (Қоршаған ортамен танысу). Дид/ойын: «Жұбын тап» Міндеті: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. (математика негіздері)	Воскобович дамытушылық ойындары «Игровой квадрат» үй, кәмпит, тышқан, конверт т.б. құрастыру. Мария Монтессори ойындары Ойын: «Өз үйіңді тап» Міндеті: Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту. (математика негіздері)

Балалардың үйіне қайтуы			Ата-аналарға кеңес: Тұмаудың алдын алу...	«Қысқы қауіпсіздік» туралы ата-аналарға кеңес:	Демалыс күндері режимді сақтаулары туралы ескерту.
-------------------------	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: - Арқалық қаласы жалпы білім беретін негізгі № 8 мектеп

Шағын орталық «Күншұақ»

Топ/сынып ,ересек топ

Балалардың жасы:4 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі:(апта күндері, айы, жыл)08.01. –

.12.01.2024ж



Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 08.01.24	Сейсенбі 09.01.24	Сәрсенбі 10.01.24	Бейсенбі 11.01.24	Жұма 12.01.24
Балаларды қабыау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі,туралысұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда -өткізгендері жайлы әңгімелесу. Ата аналарға тамақтың ақысын келісім шартқа сәйкес уақытында төлеулерін айту Ата – аналармен баланың қызығушылығы,талпыны- сы жайлы жеке әңгімелесу Кейбір балалардың тәртіптері жайында жеке әңгіме жүргізу. Ата-аналардан балалардың демалыс кезіндегі күн тәртібін сақтау керектігі туралы кеңес				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды	Д/о: «Не жейді?» Міндеті: Балалардың ойлауын, зейінің, есте	Үстел үсті ойыны : Домино,лото ойындарын ұсыну.	«Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып ата»	Логикалық ойын: «Түрлі-түсті бақалар» Міндеті: Балалардың	Балаларға бояу дәптерлерін ұсыну. Түстерді дұрыс

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	сақтауын дамыту. Сөздік қорларын молайту. Аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Түлкі қандай? , не істейді? : қу, айлакер, қына сары, құйрығы ұзын, балық жейді, ет, жыртқыш аң. (қоршаған ортамен тан.) Тіл ұстарту жаттығу. 1.Ю-ю-ю Қорбандаған аю 2. Кі кі кі Айлакер қу түлкі. 3.Ян-ян –ян Қорқақ қоян. 4.Ін-ін-ін Жаңғақ жейді тиін. (қазақ тілі)	«Кесек қар лақтыру» аз қимылды ойын: Міндеті: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету. Ойынға деген қызығушылығын арттыру. (Денешынықтыру, сөйлеуді дамыту) Д/ойын: «Піл мен қоянға баратын жол» Міндеті: Көлемі бойынша екі тең немесе тең емес заттарды салыстыру (ұзын, қысқа, бірдей) деген сөздерді пайдалана білуге жаттықтыру (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тан.)	Міндеті: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды туралы білімдерін бекіту. Тез. ойлау қабілетін, сөйлеу белсенділігін арттыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тан.) Тіл ұстарту жаттығуларын жасату. 1.Ші-ші-ші өрмекші, Ші-ші-ші өрмекші еңбекші. 2.Қар-қар-қар қарлығаш (қазақ тілі)	логикалық ойлауын , түстерді ажырата білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту) Ойын: «Тапқыштар» Түсті ажырата білу, Қақпақтармен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. Логикалық ойын дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)  Ы.Алтынсарин әңгімесі Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш Атасы он жасар немерсемен далада келе жатып, немересінен сұрайды: - Анау өрмекшіні көрдің бе? Не істеп жүр екен? - Көрдім, өрмек тоқып жүр. - Анау құмырсқаны көрдің бе? - Көрдім, аузында бір	таңдап, ұқыпты бояуын қадағалау. Ойын: «Дьенеш блогы» Міндеті: :шығыршықтарға геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және түстерге жинау (математика негіздері)
--	--	--	---	--	---

			нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады. - Жоғары қарашы, көкте не ұшып жүр? - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында кесе тістеген шөбі бар. Сонда атасы айтты: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған ғибрат болсын! Өрмекші маса- шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етерге. Құмысқа бала- шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң, өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Ал қарлығаш балапандарына ұя жасау үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттен. (Соңында өрмекші, құмырсқа, қарлығ аш суретін бояуды ұсыну (көркем әдебиет, сурет салу))	
Ұйымдастырыл ған іс әрекетке	Балалар өз әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге ұйымдастырылған іс әрекетке ортаны			

дайындық	дайындауға көмектеседі (бірлескен қызмет)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: сызықтар арасымен (10 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен тақтаймен, тепе-теңдік сақтауға үйрету. Қ/О «Кім мерген» асық ату ойыны	Музыка Музыка тыңдау: музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. әуендерді ойнауға үйрету. Қазақ тілі Тілдің грамматикалық құрылымы: есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, Байланыстырып сөйлеу: өзбетінше ретімен қайталап айтуға үйрету;	Дене шынықтыру Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігі үшін жағдайлар жасау. Спорттық жаттығу: төбешіктен сырғанау. Қ/О «Тауық балапандарымен»	Музыка Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: асатаяқпен қарапайым	. Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар: қолын белге қою, кеуде тұсына қою; Негізгі қимылдар: Жүру: секірумен алмастыру Жүгіру: «жыланша» шашырап жүгіру; Лақтыру, қағып алу, домалату: 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру Қ/О «Аңшы мен қоян дар »
Серуенге дайындық	« Мен ұқыпты киінемін » Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі. (күрекпен қарды күреу)				
	№2 Боранды күнді бақылау Міндеті: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бақылау барысы: Тәрбиеші жұмбақ жасырады: *Жерді тырнап, бұтаны ырғап,	№6 Ағаштарды бақылау Міндеті: Ағаштар туралы білімдерін кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға	№7 Қарғаларды бақылау Міндеті: Қыстап қалатын құстар өмірімен танысуыды жалғастыру Қарғалардың тіршілігін бақылау Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Бақылау барысы Қарға, қарға, қарғалар,	№3 Бақылау «Қардағы құс іздері» Міндеті: : қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Бақылау барысы Балаларға сұрақтар ♦ Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ♦ Қалай ойлайсыңдар, мынау	№8 Қар ұшқындарын бақылау Міндеті: Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. Бақылау барысы Көркем сөз «Суретші қыс» К.

	Шөпті сипап,ұшады зырлап, Жанын қинап,ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран»Ә.Табылды. <i>Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,</i> <i>Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран.</i> <i>Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,</i> <i>Ақ бораны гүледі.</i> <i>Ауламызға үйілсін.</i> <i>Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан.</i> <i>Қардан жасап аққала, Сырғанаймын шаттана.</i> Тәрбиеші сұрақтары: <i>Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)</i> <i>Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)</i> <i>Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)</i> <i>Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)</i> Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Міндеті:.Бірлесе еңбек етуге,	қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. Әңгімелесу: Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін) Ағаштар неге қвста өспейді? Ағаш тамырлары қалай қыстайды? Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? Ағаштар қыста неге тоңбайды?(қабығы қалың,шырын алмасуы болмайды,тыныш қар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап,тыңдау. Көркем сөз: «Аядым» М.Әлімбаев Жауған күні ,қар алғаш Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»-деп бұлағаш, Орап қойдым аяғын Балаларға сұрақтар: Балалар ағаштардың қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар? Ағаштарды жапырағын	Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. Қарға қыстап қалатын құс.Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады,қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштын басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған. Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу.салыстыру Еңбек :Ағаштың түбін қармен жабуға үйрету.Өзара татулыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын «Пингвиндер қалай жүреді» Міндеті:.Тізбектеліп жүру дағдыларын қимылмен көрсетеді	ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?) Зерттеу жұмысы Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. — Міндеті: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Міндеті: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Елтілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Міндеті: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: - Қар көп болса, нан мол болады. - Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн	Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып, Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар: ♦ Жауған қар қандай? ♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? ♦ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?. Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу - Міндеті: Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; - Бастаған істі аяқтауға үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша</i>
--	---	---	--	---	--

	ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Желдиірмен». Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. Міндеті: <i>секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).</i>	шашқан кезді қалай атайды? (күзгі ағаштар) Зерттеу жұмысы: Балаларға мынадай қорытынды айтуға болады: Қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды,олардың үсіп кетпеуіне жол бермейді. Еңбек: Жауған қарды ағаш түбіне үю. Міндеті: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Қимылды ойын: »Кім ағашқа бұрын жетед?»		жылынады. - Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.	<i>әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.</i> Жаттығу ойындары «Байқап өт». Міндеті:: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.
Серуеннен оралу (көркемдік, еркін ойын әрекеті).	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (Дене шынықтыру) Санамақ «Нешеуміз?» Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,өзіне-өзі қызмет көрсету)				
	«Бір-көп» ойын жаттығуы ойыншықтардың атауларын жекеше және көпше түрде ажыратып	Үстел-үсті ойыны: «Қоян мұнарасы» Міндеті: : ойынға екі баладан қатысады тәрбиешінің белгісі	««Кім сені шақырды, тап?» Міндеті: : басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек	«Дене мүшелері» Міндеті: :балалар дене мүшелерін дұрыс көрстеуге үйрету.Шапшаңдыққа,	Аз қимылды ойын: «Топта кім жоқ?» Міндеті: :Зейінін,есте сақтау қабілетін дамыту.

	айта білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Кім тапқыр» М/ы: Құстар туралы жұмбақтар жасыру. 1.Өзі сақ, өзі ұсақ, Шықылықтап тұрмайды. Құйрығы ұзын, өзі ала, Бұл қандай құс? (Сауысқан) 2. Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балға қып Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ) 3.Заң жоқ еш уақытта, Оларды атуға. Түсі де аппақ, Аты да аппақ. (аққу) 4.Бейбіт құсы аталады, Бар әлемге жар салады. Танисың ба ол құсты Аты қалайаталады? (Ақ көгершін)	бойынша тез,дұрыс, жылдам жинау дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту,құрастыру) «Қол күрес» ұлттық ойын Мақсаты:. Үстелдің шетіне қарама – қарсы екі ойыншы оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылайша ұстасқан екі ойыншы мұғалімнің белгісімен, шынтақтарын сол орынынан қозғамай қарсыласының тіреулі қолын жығуға ұмтылады. Білегі жығылған ойыншы жеңіліп ойыннан шығады. Осылай ойын жалғасын табады.	емес. Ойын барысы: 3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға турып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада турған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. (сөйлеуді дамыту, қоршаған орт.тан)	ептілікке тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту) Қимылдық ойын: «Кім мерген» асық ату ойыны Міндеті: :баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігін және қырағылығын жетілдіреді, сергектікке баулиды. (дене шынықтыру,сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту,қоршаған орт.тан) Санамақ Жеті ұл Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. (Математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	Бориспен «Менің сүйікті ертегілерім» Міндеті: Баланың ойлау қабілетінің дамуына , сөздік қорының молайуына арналған дидактикалық	Жансаямен Дьенеш блоктары «Кім шапшаң» Балаларды зейіндікке үйрету,ойлау дағдыларын (сөйлеуді дамыту)	Нұр-Мұхаммед, АхмадД/О « Қыс мезгілінің суретіне қарап әңгімелеп беру» Балаларды маусымдық өзгешелікке көңіл аударып ерекшеліктерін	Жанарыспен «Артығын тап және ата»» жиһаздарды атап не үшін қолданаты жайлы әңгімелеу (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру,көркем	Айзережәне Әлиханмен Д/ О: Үстел үсті ойындары Дамытушылық ойындар: «Сложи узор», «Кьюзинер таяқшалары»

	материал.Әр ертегінің суретіндегі кейіпкерді көрсету арқылы сол ертегіні тауып алып айту.Шалқан, үйшік, қолғап, бауырсақ, үш торай, шұбар тауық Мыс: домалады, тарта алмадық, көмекке шақырды, алтын жұмыртқа, ән айтып берейін,бұл үйде кім тұрады. (қоршаған орта таныстыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу,көркем сөз	Кітап бұрышындағы ертегілерді қарастыру.Өздеріне ұнайтын ертегілерді сұрау.Кейіпкерлердің мінез құлқына баға беру. (қоршаған ортамен таныстыру,көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту) Құрылыс ойындары: «Жануарларға қора » топтық ойын (сөйлеуді дамыту,құрастыру)	шағын әңгімемен ортаға жеткізе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту,қоршаған орта)	әдебиет) «Дәрігер» с / р ойыны Міндеттері: балалардың дәрігер мамандығына деген қызығушылығын ояту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру, достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту) Д/ойын.«Киімдерді ата» Міндеті:Суреттерге қарап киімдерді ажыратып атауларын айтуға үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: балаланың ой өрісін дамыту,шыдамдылыққа ,ептілікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
Балалардың дербес іс-әрекеті	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар қызметі (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
	Еркін ойындар Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар: «Түрлі-түсті құмдар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу.Ұсақ қол моторикасын дамыту. (мүсіндеу,сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру	Театр орталығы «Үйшік»ертегісі. ертегіні сахналауға үйрету,балалардың сөздік қорын дамыту. (көркем әдебиет, қоршаған орта.тан.сөйлеуді дамыту «Санамақ айту» Іскер тиін Қалмау үшін ашығып Қысқы азығын кеш	Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"логикикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар (құрастыру) Үстел үсті ойыны: «Жұмыртқалайтын тауықтар» Міндеті :жұмыртқалардың пішінін,түсін,көлемін айтуға дағдыландыру.	Еңбек қызметі Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру. (қоршаған орта.тан.сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар балалардың қалаулары бойынша «Шұбар тауық»ертегісін	Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар Еңбек қызметі: Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеті: і:ойыншықтардысабын дысудагубкаменжуу, тазасуменшаю,

	Б.Соқпақбаевтың «Мысық пен торғай» өлеңі Үстінде үйдің Тұр еді мысық, Қасына келді Бір торғай ұшып. Бас салмақ болып Ыршыды мысық. Жөнелді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге, Топ етіп түсіп. Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Өлеңді балалармен бірге бірнеше рет қайталап, қимылмен көрсетіп оқу (Қазақ тілі)	қамдап, Қамбасына тасыды 1,2,3,4,5жаңғақ (Қазақ тілі) Балалардың еркін ойындары	(құрастыру, сөйлеуді дамыту) Үстел-үсті-ойыны «Көбелек» Міндеті:геометриялық пішіндерді түстеріне қарай құрастыру	әңгімелеп беру.Ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып жауап беруге үйрету. (көркем әдебиет,қоршаған орта.тан.сөйлеуді дамыту)	шүберекпенсұртуқабіле тінқалыптастыру (қоршаған орта.тан.сөйлеуді дамыту,еңбекке деген дағдыларын жетілдіру)
Балалардың үйіне қайтуы	“Біртұтас тәрбие» бағыты бойынша ата- анасымен бірге еңбекке баулу фотосуретін тапсыру жөнінде айту	Ауа-райының өзгеруіне байланысты,балалардың киімдеріне көңіл аударуды ұсыну.	Балалардың қолғаптарын ұмытпауын ескертіп айту.	“Біртұтас тәрбие» бағытыбойынша «Әжемнің ертегілер» атты арнайы жобасы бойынша ата-анаға түсіндіріп,шағын бейнеролик түсіріп тапсыруды ұйымдастыру	Аптаның соңғы күнінде жақсылап демалулары жайлы жақсы тілектер айту.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: - **Арқалық қаласы жалпы білім беретін негізгі № 8 мектеп**

Шағын орталық» Күншуақ»

Балалардың жасы:4 жастағы

.Жоспардың құрылу кезеңі:(апта күндерін, айы, жыл) 15.01-19.01.24 ж



Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 15.01.24	Сейсенбі 16.01.24	Сәрсенбі 17.01.24	Бейсенбі 18.01.24	Жұма 19.01.24
Балаларды қабылдау	Үстел үстінде ойындар ұсыну «Квест» ойыны Нейротректер /Нейродорожки/ Міндеті: балалардың саусақ моторикасын дамыту.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабыау				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда - өткізгендері жайлы әңгімелесу. Ата аналарға тамақтың ақысын келісім шартқа сәйкес уақытында төлеулерін айту Ата – аналармен баланың қызығушылығы,талпыны-сы жайлы жеке әңгімелесу Кейбір балалардың тәртіптері жайында жеке әңгіме жүргізу. Ата-аналардан балалардың демалыс кезіндегі күн тәртібін сақтау керектігі	Дамытушылық үстел үсті ойындары : «Воскобович пішіндері», «Сложи узор», «Кьюнзер таяқшалары» (Математика негіздері) Балалардан жыл мезгілін,ай атын, апта күнін сұрау. «Бауырсақ ертегісі» Ойын:«Ертегіні жалғастыр» (көркем әдебиет, жапсыру)	Д/о: «Санада да, айт» Міндеті: Балалардың ойлау, зейін, қабылдау, қиялын дамыту. (Математика негіздері) Ойын: «Ғажайып қорапша» Міндеті: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Барысы: Тәрбиеші балаға қолын қорапшаға салып,кез келген затты сипаттау арқылы оның не екенін табуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу)	Балаларға бояу дәптерлерін ұсыну. Түстерді дұрыс таңдап, ұқыпты бояуын қадағалау. (Математика негіздері, сурет салу) Д/о: «Қандай пішін жасырынды?» Міндеті: балалардың геометриялық білімдерін жетілдіру. Ойын арқылы балалардың

		туралы кеңес			танымдық қабілеттерін арттыру. Геометриялық пішіндерден үй құрастыру. (құрастыру, математика негіздері)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар өз әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге ұйымдастырылған іс әрекетке ортаны дайындауға көмектеседі (бірлескен қызмет) Д/О: «Сылдырмақты неше рет соқтым?» Міндеті: Балалардың есту қабілеттерін дамыту.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Кеудеге арналған жаттығулар: бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Аяққа арналған жаттығулар: тізені бұғу, алға созу, қайтадан бұғу және түсіру. Қ/О: «Зымыран» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру	Музыка Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнауға үйрету. Ойын: «Паровоз» Мақсаты: Балаларды музыка ырғағымен жүруге жаттықтыру. Қазақ тілі Тілдің грамматикалық құрылымы: есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, Байланыстырып сөйлеу: өзбетінше ретімен қайталап айтуға үйрету;	Дене шынықтыру Қимылды ойындар: доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салуатты өмір салтын қалыптастыру: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Қ/О: «Зымыран» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру	Музыка Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнауға үйрету. Билер: жұппен би қимылдарын орындауды жаттықтыру. Қ/о: «Паровоз» Мақсаты: Балаларды музыка ырғағымен жүруге жаттықтыру.	Дене шынықтыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды

					пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау: тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Қ/О: «Аяз» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтыру
Серуенге дайындық	Салуатты өмір салтын қалыптастыру: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. (Дене шынықтыру)				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
